



МУХТАР АЗАЛЫ

№86
(2151)
Сенбі
30 қыркүйек
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ "АЛТЫН КҮЗ - 2023" СПАРТАКИАДАСЫНА БАРАТЫН СПОРТШЫЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Шиелі ауданында ауыл спортшыларының 36-шы облыстық "Алтын күз - 2023" спартакиадасы өтеді.

Сондықтан аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентіндегі Жалаңтөс баһадүр атындағы орталық стадионда аудан намысын қорғайтын спортшылармен кездесіп, сәттілік тіледі.

– Былтырғы жылы ауданымызда өткен «Алтын күз – 2022» ойындарында жоғары нәтижеге қол жеткізіп, бірінші орынға ие болдыңыздар. Бұл жолы да Сіздерге артылатын жүк жеңіл болмайды. Аудан халқы Сіздерге сенім артып отыр. Мен Сіздерден осы жолы да сондай нәтиже күтемін және соны талап етемін. Оның үстіне биыл Қазалы ауданының құрылғанына 95 жыл толып отыр. Ал, осындай даталы мерекеден аудан спортшылары да құр қалмай, 95



жылдыққа тамаша тарту жасайды деп сенемін.

1000-нан аса спортшы бас қосатын аламанда лайықты өнер көрсетіп, қоржындарыңыз

құр қайтпайды деп ойлаймын.

Бастысы, сабырлық танытып, мәдениетімізді көрсетіңіздер, – деді Мұхтар Әуесұлы.

Мұнан соң бір көтеруден

Азия ойындарының жеңімпазы, жаттықтырушы Қали Рүстемов спортшылармен арнайы кездесіп, ақ жол тілеп жатқан аудан басшысына ризашылығын жеткізді. Тоғызқұмалақтан аудан құрамасының мүшесі, спорт шебері Ұлдана Махамбетамин аудан әкіміне алғысын айтты.

Кездесуде аудан әкімі Мұхтар Оразбаев 5 күнге созылатын жарысқа баратын спортшыларға қолайлы жағдай жасалу қажеттігін айтты.

Жеңіл атлетикадан аудан құрамасының жаттықтырушысы Мейрамбек Қарабалаев спортшыларға батасын беріп, бәсекеде алдыңғы қатардан көрінуіне тілектестігін білдірді.

Айта кетейік, Шиелі ауданында өтетін аламан додаға Қазалы ауданынан 18 жаттықтырушы, 5 төреші және 141 спортшы қатысады.

●Баспасөз - 2024

ЖҮКТЕЛГЕН ЖҰМЫСҚА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ҚАЖЕТ

Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен әкімдік және аппарат мәжілісі өтті.

Мәжіліс басталмас бұрын аудан басшысы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы директорының бұйрығымен Қазалы аудандық электр торабының бастығы лауазымына тағайындалған Әнуарбек Кеңесбайұлының қызметіне сәттілік тіледі.

Әкімдік мәжілісінде аудан аумағындағы сәулет-қала құрылысын қадағалау жұмыстары туралы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Күзембаев баяндап берді.

Мұнан соң аппарат мәжілісі өтіп, онда жұмыспен қамту индикаторларының орындалу барысы туралы аудандық «Мансап» орталығының директоры Болатбек Баймаханов, әлеуметтік желіде кері байланыс орнату жұмыстарын жетілдіру жөнінде аудандық

қоғамдық даму бөлімінің басшысы Қайрат Әбубәкірұлы хабарлама жасады.

Жиында аудан әкімі аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Кенжебайұлынан аудандағы құрылыс нысандарының салыну барысы жайлы сұрады. Құрылыс кешеуілдеп жатқан ғимараттардың жұмысын жеделдету қажет екенін айтты.

Әйтеке би кентінде салынып жатқан құрылыстың сапалы жүргізілуін және инженерлік инфрақұрылым желілерінің бұзылмауын бақылап отыруы қажет екенін ескертіп, аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев пен Әйтеке би кентінің әкімі Қайрақбай Орынбасаровқа тиісті тапсырмаларды жүктеді.

Аудандық «Мансап» орталығының директоры Болатбек Құрманбайұлынан «Алғашқы жұмыс орны» жобасы және жастар тәжірибесінің орындалу көрсеткішін, ауылдық округ әкімдерінен 9 айда әлеуметтік жұмыспен

қамтуда қандай жұмыстар атқарылып жатқанын сұрады.

Басқосуда Мұхтар Әуесұлы әлеуметтік желінің ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау және уақыт үнемдеу құралы екеніне тоқталып, желі қолданушылардың арыз-шағымына «Барынша қамту, ашықтық және жедел әрекет ету» аясында жұмыс істеу керектігін ескертті.

Тұрғындарға мемлекеттік бағдарламаларды егжей-тегжейлі түсіндіру қажеттігін тілге тиек етті.

Аудан басшысы мәжіліс соңында жылу беру маусымының жақындап келе жатқанын ескертіп, тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді. Оған қоса тазалық мәселесі күн тәртібінен түспейтінін, Қазалы ауданының құрылғанына 95 жыл толуына орай өтетін шараларға жоғары деңгейде дайындық жүргізу керектігін айтты.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

**Аймақтық «Тұран-Қазалы»
газетінің редакциясы**

АУДАН БАСШЫСЫ ДИҚАНДАР ЖҰМЫСЫНА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Бүгінгі таңда Қазалы ауданында егін жинау науқаны қарқынды жүргізілуде. Аудан диқандары мен механизаторлары өздері күтіп-баптап өсірген Сыр салысын төкпей-шашпай жинап алу-да. Аудандағы шаруашылық қ ұ р ы л ы м д а р ы н ы ң қыrmандарына егістік басынан күріш тиеген жүк көліктері толассыз ағылуда.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, Ф.Мұратбаев пен Жалаңтөс батыр ауылдарындағы «Рза – Агро» және «Жалаңтөс батыр» серіктестіктерінің

қыrmандарына барып, қарбалас тіршілікпен танысты.

Аудан басшысы алдымен Ф.Мұратбаев аулындағы «Рза – Агро» ЖШС қыrmанына барды. Мұхтар Әуесұлын қыrmан басында серіктестік директоры Нұрлан Имандосов күтіп алып, күзгі жиын-терін кезінде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

«Рза – Агро» ЖШС биыл 2219 гектар жерге күріш екен. Олардың арасында «Лидер», «Янтар» және «Премум» сорттары бар. Қазір күріштің 269 гектары оры-

лып, 158 гектары бастырылды. Шаруашылықта 1532 гектар жоңышқа мен 28 гектар бидай егілген. Сонымен қатар серіктестік 615 гектар жерге сүрлемдік жүгері егіп, 8 мың тоннаға жуық өнім алды.

«Жалаңтөс батыр» ЖШС-нің қыrmанында да қызу жұмыс жүріп жатыр. Қыrmан басындағы қызу тірлікті серіктестік директоры Қасқырбай Әлімбай айтып берді.

«Диқандар биылғы жылғы егілген Сыр маржанын төкпей-шашпай, ысырапсыз

шаруашылық қоймасына жинап жатыр. Бұның барлығы ерте көктемнен бастау алып, жаз айларында, шіліңгір шілденің аптапты ыстық күндерінде тер төгіп еткен ерен еңбектің арқасы деп білеміз», – деді серіктестік директоры.

Қыrmан басындағы берекелі істі көзбен көрген аудан басшысы диқандардың егінді дер кезінде жинап алуына тілектестігін білдірді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

РАНАЙКҮЛ САХАНОВА – ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ

Көп балалы отбасында тәрбиеленді. Отбасындағы сегіз баланың ортаншысы, ағасымен апасынан кейінгі үлкені еді. Әкесі Мейірімхан мен анасы Әмида балаларының үлкені кішісіне қамқоршы болу міндетін жүктеп, тәрбие берген. Осылайша Сахановтар отбасының перзенттері бір-біріне қамқоршы болып ержетті және де еңбекке ерте бейімделіп, іске икемділік танытты. Ержеткенде оның пайдасын көрді.

Ата-анасы ержеткен балаларының мамандық таңдауын өздерінің еркіне салғанды. Сабаққа ынталы ортаншы қызы Ранайкүл медицина саласының маманы боламын дегенде құптап, талабына сәттілік тілеген.

1983 жылы Сексеуіл қыстағындағы №22 орта мектепті бітірген жас бойжеткен талаптың желкенін керіп солтүстік өңірге барып бағын сынауды жөн көрді. Әйтсе де ауылдан ұзап шықпаған жас қыздың көңіл қобалжуы болғанымен білімі мен дайындығына үміт артқанды. Сәттілік пе, әлде білімі оқуға қабылдаушылардың көңілінен шықты ма, оқуға қабылданғандардың тізімінен өз фамилиясын көргенде қалай қуанып, шаттанғаны әлі есінде. Целиноград мемлекеттік медициналық училищесінің санитарлық-фельдшерлер даярлайтын бөліміне оқуға түсті. Одан арғысы күнделікті сабаққа қатысу, даярлану, сынақтарға әзірлену, студенттер өмірінің қызығы мен қиындығы қатар өрілген жылдар мен айлар, күндер. Есею кезеңдері.

1986 жылы медициналық колледжді

бітіріп, жолдам амен Қызылордаға келгенінде туған аулына жұмысқа баратынына сенімді болған. Алайда өмір басқаша өрілді. Жоғары басшылық жас маманды туған жері Аралға емес, көршілес Қазалы ауданына жіберді. Әрі-бері өтініп сұранғанымен «өтінішінді кейін ескереміз, әзірге Қазалы ауданына барасың», – деп тоқ етерін бірақ кесіп айтты.

Қазалы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық стансасының бас дәрігері Оңғар Бекетаев алды кең басшы болуы керек, жас маманды жылы қабылдап, қызметіне сәттілік тіледі. Дезинфекциялық бөлімге (мед.статист) дәрігердің көмекшісі болып жұмысқа қабылданды. Дәрігер Нұрлан Мәмбетжанов елгезек азамат екен. Ағалық ақыл-кеңесін айтып, қызметіне икемделіп кетуіне қамқор болды. Енді Ранайкүл алаңсыз қызметінің қыр-сырын меңгеру үшін аянбай еңбек етті. Жұмысын ынтамен атқарып, білмегенді білуге құштарланды. Өйткені қызметінде басшылардан сөз есітпеуге тырысты. Жауапкершілік жүгінің ауырлығын сезінумен болды. Сондықтан тәжірибелі әріптес аға-апаларының ақыл-кеңестерін жиі тыңдап, тәлімін алуға барынша талпынып бақты. Нәтижесінде бірте-бірте тәжірибе жинақтады. Шешімді пікір айтуға дағдыланды. Ізденісін



үздіксіз жалғастыра берді.

Басшылық небәрі 9 ай қызмет атқарған жас маманды басқарманың санитарлық бөліміне қызметке ауыстырды. Қызметіде жоғарылады. Жетекші маман атанды. Бөлім басшысы, дәрігер Ғабит Сарықұловтың тапсырмасын орындау үшін үнемі рейдтік тексерулерге жиі қатысты. Басты мақсат-тағамдардың сапасын анықтау үшін аянбай күресті. Базарларда, дүкен сөрелерінде, асхана, кафе, сүт кухнясындағы тағамдардың сапасын басты назарда ұстады. Адамдардың тағамдардан улануының алдын алды. Тағам дайындаушыларының кемшілігін көрсетіп, оны орындамағандарды тәртіпке салды. Айтқанға көнбегендерге шара көрді. Айыппұл салып, тиісті орындарға ұсынды. Кім кемшілігін ашқанды жақсы көрсін. Кейбіреулер реніште білдірді. Десе де Ранайкүл адамдардың денсаулығын сақтау ісінде ешкіммен ымыраға келген жоқ. Жауапкершілікпен жұмыс атқарды.

Кемшілікке кешірімді болмағандықтан қызметінде абырой мен құрметке бөленді. Аталған бөлімде 28 жыл қызмет атқарып, шеберлік шыңына көтерілді.

2015 жылы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында құрылымдық өзгерістер болды. Ұжымда жаңадан жоспарлау және талдау бөлімі ашылды. Басқарма

басшылығы ұжымда ұзақ жылдардан бері абыройлы қызмет атқарып, іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған Ранайкүл Мейірімханқызы Саханованы жаңадан ашылған бөлімге бас маман етіп, қызметін жоғарылатты. Санитарлық-эпидемиологиялық салада мол тәжірибесі бар, санитарлық-сауықтыру және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырудың әрдайым бел ортасында жүретін білікті маман жаңа қызметіне де тез бейімделіп, қабілет-қарымын айқын танытты. Басқарманың айлық, тоқсандық, жылдық жоспарларына біліктілікпен талдау жасау арқылы ұжым жұмысының ілгерілеуіне ықпал етті. Медиа жоспарлар жасауға маңыз берді.

Биылғы жыл Ранайкүл Мейірімханқызының өмірінде ерекшелігімен есте қалды. Бірде Астанада медициналық қызметкерлер арасында «Қазақстан Респу-

бликасы денсаулық сақтау саласының үздігі» атты байқау өткізілетіні жөніндегі хабарландыруға көзі түсті. Қалай батылдығы жеткендігін білмейді, осы байқауға қатысуға, өз біліктілігін сынап көруге бекінді. Байқау ережесін сұрастырып білді. Қажетті құжаттарын көрсетілген адреске жіберді. Өтініш қабылданғаны жөнінде хабар келді. Байқау үш кезеңнен тұрды. Сұрақтарға онлайн жауап берді. Сөйтіп алаңдап жүргенде Астанадан шақырту алды. Астана қаласының Ұлттық музейінде қортындыланатын жиынға қатысуын ескерткен. Сонымен Ранайкүл осы жылғы 15-ші қыркүйекте Астана қаласынан бірақ шықты. Ұлттық музейге жиналған, республиканың түкпір-түкпірінен келген әріптестерінің қатары мол.

Байқаудың үздіктері қатарында Қазалыдан барған Ранайкүл Саханованың есімі де аталып, құрмет көрсетілді. Қазалылық білікті маман «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласының үздігі» атты республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Осылайша ол Қазалыға қуанышпен оралды. Бұған дейінде Ранайкүл Саханованың адал еңбегі бағаланып, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі мен облыс, аудан әкімдігінің құрмет грамоталары, алғыс хаттарымен марапатталғанын айта кетуді жөн көрдік.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ, Әйтеке би кенті

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІАКІМАТ
КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

№ 151
Қыркүйек 2023 ж.
Әйтеке би кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 151
пос. Айтеке би

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жер пайдаланушы Еришов Токтар Панабекұлының Қазалы ауданы, Арыкбалық ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №29-а мекен-жайында орналасқан компьютерлік орталық ғимаратын салу үшін көлемі 300 (үш жүз) шаршы метр (кадастрлық нөмірі 10-150-012-450) жеке меншік құқығындағы жер учаскесін Қазалы ауданы, Арыкбалық ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №21-В мекен-жайы бойынша «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында жаңа мектептің құрылысына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылғы 29 желтоқсан болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 үй, 1 қабат, №117 кабинет болып белгіленсін.

4. «Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. «Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесіне ескертсін, сонымен қатар «Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімі», «Қазалы ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да қажетті шаралар қабылдасын.



000164

6. Қаулының орындалуын бақылау салаға жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының
әкімі

М. Оразбаев



Жаңа

Мен

Оразбаев

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІАКІМАТ
КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

№ 152
Сентябрь 2023 ж.
Әйтеке би кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 152
пос. Айтеке би

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан и со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», акимат Казалинского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка в связи с изъятием для государственных нужд землепользователя Еришова Токтара Панабекович площадью 300,0 (триста) квадратных метров (кадастровый номер 10-150-012-450) на праве частной собственности для строительства здания компьютерного центра, расположенного по адресу: Начать принудительное отчуждение для государственных нужд в связи со строительством новой школы в рамках программы «Комфортная школа» по адресу: Казалинский район, Арыкбалыкский сельский округ, село Жанқожа батыр, улица Айтеке би №21-В

2. Датой принудительного отчуждения определить 29 декабря 2023 года.

3. Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: пос. Айтеке би, ул. Жанқожа Нұрмұхамедұлы дом №130, 1 этаж, кабинет №117.

4. Коммунальному государственному учреждению «Отдел общественного развития Казалинского района» в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Казалинского района» уведомить собственника земельного участка, а также коммунальным государственным учреждением «Отдел экономики и бюджетного планирования Казалинского района», «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Казалинского района» принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.



000165

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.
7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким Казалинского
района

М. Оразбаев



Жаңа

Мен

Оразбаев

● Маманның кеңесі

МЕРЕЗ – ЖҰҚПАЛЫ СОЗЫЛМАЛЫ АУРУ

Мерез жұқпалы созылмалы ауру. Бұл аурумен тек адам ғана ауырады. Ауру көбінесе жыныстық жақындасу арқылы жұғады. Ауырып жүрген адаммен сүйіскенде, пайдаланған орамал, қасық, шанышқы, қылдырық (тіс шұқығыш), ерін бояуы, темекісі арқылы да жұғуы мүмкін. Қан берген адамның қаны, ананың емшек сүті арқылы да жұға береді.

Мерез ауруы үш кезеңге бөлінеді. Алғашқы жасырын кезеңде сырқаттың белгісі үш-төрт аптадан кейін ғана біліне бастайды. Бұл кезде оның диагнозын дөп басып білу қиын. Бозғылт спирохета қан арқылы адам организміне толық тарайды. Бұл кезең үш-төрт аптадан үш айға дейін созылады. Бұл кезде адам өзінің ауырғанын білмейді, сондықтан, тиісті ем-дом жасамай ауруы асқына береді де басқаларға жұғады.

Аурудың көзге көрінетін алғашқы белгісі – қатты шанкр. Бұл бозғылт спирохетаның адам организміне түскен жерінде пайда болатын, қатып қалған, ауырмайтын түймедей жалақ немесе сызат жара. Әдетте, мерезбен ауырған адамның жыныс мүшелерінде, ерінінде, тілінде, тағы басқа жерлерінде кездеседі. Мерезбен ауырдым-ау деген күдігі барадам мұндай жараны йод, көк дәрі арқылы емдемей, тезірек шипагерге қаралуы қажет.

Ауру белгісі пайда болғаннан кейінгі бір апта ішінде жара маңайындағы бездер үлкейіп ісе бастайды. Бірақ, ол жанға батып ауырмайтындықтан, сырқаттың оған көңіл аудармауы да мүмкін. Ауру жұққаннан кейін бір жарым – екі айдың ішінде сырқаттың жалпы көңіл-күйі пәлендей өзгере қоймайды, бірақ аздаған әлсіздік, буындардың сырқырауы, дене қызуының ептеп көтерілуі байқалады.

Ауру жұққаннан кейін екі-үш ай өткесін мерездің

екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңде теріге бөрітпе қаптап кетеді, бірақ, ол теріні түсірмейді және науқасқа да айтарлықтай әсер етпейді. Еріннің, ауыздың ішкі сілекей қабына ақтаңдақтар түседі. Кейде дауыс қарлығыда мүмкін. Сонымен қатар, теріде қызғылт түйіршіктер пайда болады. Жыныс мүшелеріне шыққан майда түйіндер бара-бара үлкейе түседі. Кейде біріне-бірі қосылып, үлкен жараға айналады. Осы жарадан аққан іріңде бозғылт спирохета көбейіп, дене қызуы көтеріледі. Ауру адамның басқаларға мерез ауруын тарату мүмкіндігі ерекше күшті болады. Біраз уақыттан кейін әлгі белгілер өзінен-өзі жоғалып кетеді. Ауру өзін жазылдым деп санайды. Оны бездерден, қаннан ғана табуға болады. Егер ауру адам емделмесе мерездің екінші кезеңі үш-төрт жылға созылады және әлсін-әлсін жоғарыда айтылған белгілер қайталанып отырады. Одан соң мерез үшінші кезеңге өтеді. Бұл кезеңде сырқаттың организмі мүлде әлсіреп, ми мен жұлын жүйелерінің жұмысы бұзылады. Адам сал болып қалады, көзі көрмейді, жүрек, өкпе, бауыр қызметтері нашарлайды. Мұрын кеңсірігі опырылып, адам пұшық болып қалады.

Мерез ауруы араққұмар, адамгершілік қағидаларына құлақ аспайтын жүгенсіз, бұзық адамдар арасында жиі кездеседі. Сондықтан, мерезді түбегейлі жою үшін ең алдымен жастарға берілетін тәрбиеге мән беру керек.

Мерез жазылмайтын ауру емес, одан айығудың кепілі – шипагерлерге уақытында көрініп, жазылғанша үзбей емделу.

Алтын ШАМҰРАТОВА,
Қазалы аудандық көп
бейінді ауруханасы
емханасының
тері венерология
бөлімінің дәрігері

АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА

ҚҰТЫРМА – адам-Құтыру ауруына дар мен жануарларға қарсы екпені жүргізу тән, жүйке жүйесін ұзақтығы жарақат зақымдайтын аса салған жануардың қауіпті жұқпалы белгілі немесе белгісіз ауру. Ауру адамдарға болуына байланысты құтырған жануарлар тісін батырғанда, Жарақат алған адамның терісінің адамға құтыру ауруына зақымданған жеріне на қарсы екпе жүргізу сілекейін жаққанда үшін жарақат салған жұғуы мүмкін. Бұл ауру жануардың белгілі болуы адамдарға үй жануарларынан, иттерден, мысықтардан, сонымен қатар ет қоректі аңдардан жұғады.

Құтырма ауруының жасырын кезеңі (ауру қоздырғышы организмге енгеннен бастап, ауру белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 10 күннен 1 жылға дейін, көбінесе 1-3 айға созылады. Аурудың жасырын кезеңі аяқталғаннан кейін науқас елеріп, тыныс алуы бұзылады, жұтынуы қиындап, аяқ қолының жаны кетеді.

Егер сіз иттен, мысықтан немесе басқа жануарлардан жарақат алсаңыз дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Меншік нысанына қарамастан кез келген медицина мекемесінде жарақатты алғашқы өңдеу жүргізілуі тиіс (жарақатты жуу, өңдеу, асептикалық таңғыш қою) және құтыру ауруын а қарсы антирабикалық вакцина салынуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар жарақат салған ит, мысық немесе басқа да жануар туралы білетініңіздің бәрін, иесінің аты-жөні, өзіңіздің оған қай жерде тап болғаныңызды, оны бұрын көрген-көргеніңізді, көрсеңіз қашан және қайдан көргеніңіз туралы айтуыңыз өте маңызды.

Елді мекендердің маңайына тасталған мал өлекселерін жабайы аңдар мен елді мекеннің ит, мысықтары бірлесе жеп, жабайы аңдардың сілекейлерін елді мекенге таратуда. Осылайша құтырма вирус жұқтыру қаупін арттырып отыр. Өйткені жабайы аңдардың сілекейінде 100 пайыз құтырма вирусы болады. Сондықтан мал өлекселері арнаулы мал қорымдарына тасталуы тиіс.

Кез келген жануар, әсіресе ит пен мысық оқыс мінез көрсетіп, алас ұрса, дереу ветеринарлық дәрігерге көрсету қажет.

Құтырма ауруының алдын алудың ең негізгі жолы- құтырмаға қарсы дер кезінде антирабикалық вакцина ектіру болып табылады. Сондықтан әрбір тұрғын иттен, мысықтан және басқа жануарлардан жарақат алғаннан кейін міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша егуге қарсылық білдірмей, құтырмаға қарсы антирабикалық вакцина алуы тиіс.

Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық
-эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.